

Бірлік ауылдық округінің Нәдек ауылындағы көшесін қайта атау туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы Бірлік ауылдық округінің әкімінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 1 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2021 жылы 5 сәуірде № 5921 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес , Бірлік ауылдық округінің Нәдек ауылы халқының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 08 қазандағы Алматы облысының ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Панфилов ауданы Бірлік ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бірлік ауылдық округінің Нәдек ауылындағы "№ 2" көшесі "Шапағат" көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бірлік ауылдық округінің әкімі

Р. Аульбеков